



Қабзитова Әйгерім,

№ 7 мектеп-гимназиясы

Тәуелсіздік Қазақстанға қазақ халқының екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы үзбей жүргізген күресі арқылы келді. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы - қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға. Ұлттық тіл, дәстүр, мәдениет қайта жанданды. Қазақ халқы қайта түледі. Әлем халықтарымен терезесі тең, іргелі ел болды. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктері ғасырға пара – пар. Осынау азғантай уақыттың ішінде елімізді танытып еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқиғалар орын алды. Осы өткен жылдарымызға қарасақ, әр жылдың өз шежіресі, өз тарихы, өз сыры бар. Қазақ халқының басынан кешкен сан қилы кезеңдерінде елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елге демеу бола білді. Отаны Қазақстан болып танылған азамат үшін оның алдымен ауызға алып, мақтан тұтары – елбасы. Ол жаңа мыңжылдықтың есігін ашты. Жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өткеннің есесі, бүгіннің есендігі үшін аянбай тер төкті. Елдің мерейі, азаматтың намысы үшін еренбей еңбек етті. Ол – туған халқының мақтанышы ғана емес, дүниежүзіне танымал тұлға. Қазір елбасының арқасында Қазақстанның беделі әлем халықтарының алдында күн санап өсуде, қазақ Еуропаның төріне шықты. Бүгінгі Қазақстан әлемнің барлық елдерімен дерлік қарым – қатынас орнатқан. Керемет жетістіктерге жетіп, еңселі ел болып отырғанымыз – білікті елбасымыздың арқасында. Қазақстан бүгінде төрткүл дүниені өзіне қаратып отыр. Осындай жетістіктерді көре отырып ел президентінің туған топырағына перзенттік махаббатын көруге болады. Президенттің әрбір жарқын ісін, салиқалы саясатын сөз еткенде көркем Астана сөзсіз көз алдыға келіп көлденең тұрады.

Еліміздің тәуелсіздік алғалы бері қол жеткізген ең үлкен табыстарының бірі – түзінде аңы ерен жортқан, көгінде қыран қиқу салған бұлан дала, шетсіз – шексіз Ұлы дала төрінен бой көтерген жаңа астанамыз. Астана – халықтың даналығын, туған топырағының кеменгерлігі мен көрегендігін, тарихи тұлғалардың қаһармандығы мен табандылығын бойына сіңірген қайраткер тұлғаның – ел президентінің - төл перзенті. Елбасымыз астананы өз қолымен қалап, келбетін қалыптастырды. Ертегідегі батырдай сағаттап өсіп, минуттап жетіліп жатқан қала мақтауға әбден лайық. Астана шын мәнінде осы ғасырдың ұлы істерін атқарды. Астана - әлемді, әлем - Астананы тануда. Періштедей таза, қазақ халқының кіршіксіз жүрегіндей ізгі, нәзік бейне Астананың әлемге ақтарылған ақ ниетіндей. Нұрсұлтан Назарбаевтің халыққа жолдауында мынадай мақтанышты сөздер бар: « Енді бұл

жерде Отанымыздың жүрегі соғады. Бұл жерде Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын анықтайды. Астана біздің Шығыс пен Батысқа, Оңтүстік пен Солтүстікке ашықтығымыздың рәмізі іспеттес болады » .

Шынымен де, Астана – еліміздің мақтанышы, Еуразияның жүрегі, ежелгі және бүгінгі руханиятты біріктіруші мәдени орта. Қазақстанды әлемге танытқан, тәуелсіздікті баянды еткен Астананың тарихы бәрімізге аян. Ол - халқымыздың рухани қазынасының, мәңгілік жастықтың, ұлттық рухтың символы. Ақмоланың астана мәртебесін алуы, оның Астана атануы – ел президентінің еңбегі. Кешегі Ақмола – бүгінгі Астана. Соңғы он жылдың ішінде қала таңқаларлықтай өзгерді. Көптеген ғимараттар, зәулім үйлер салынды, ғажайып тарихы бар бәйтерек бой көтерді. Бүгінде Астананың кез – келген ғимараты бір – біріне ұқсамайтын айшықтарымен көз тартады. Биыл жаңа қалада тағы да бірнеше ғимарат салынып жатқанына куәгерміз. Бұл ғимараттардың Астана сәулетін одан сайын ажарландыра түсетінінде сөз жоқ. Жыл санап жаңа саябақтар, шағын гүл алаңдары, демалыс бақтары мен көңіл көтеру орындары көбейе түсуде. Елорда еңсесі биіктеп келеді. Астана әп - сәтте ірі ғылыми және мәдени орталыққа, зиялылар мен студенттердің орталығына айналды. Елбасының таңдауы түскен елорда ел жүрегіне, алты Алаштың айбынына, жасампаздықты жалау еткен жастарымыздың арманына айналды.

Сәтімен басталған ХХІ ғасыр Тәуелсіз Қазақстанның болашағын одан әрі нұрландыра түсетініне нық сенімдеміз. Қазақстандық азамат президентімізді – білікті қолбасшы, салиқалы ел басы деп біліп, Астананы – елдің туы етіп қадірлеп, қастерлеуі керек. Өйткені, бұл қос сөз – бір ұғым. Ажырамайтын, теңдесі жоқ, елінің бірлігін, тірлігін ойлап, алға жетелейтін, намысты жігерлендіретін ұғым.

« Армансыз – адам, қанатсыз – құс » деген аталы сөз бар. Қанатсыз құс ұшпайды, биікке ұмтылмайды. Табиғат пен ана – егіз ұғым, екеуі де тіршіліктің қайнар көзі. Байқасақ, ағаш қалай егілсе, қалай бапталса, солай бой түзеді. Бала да солай ер жетеді. Сәби кезден бойға сіңген тәрбие өмір бойына медет болады. Мен – елдің үмітін ақтар азаматы болуды армандаймын. Өзіммен бірге ержетіп келе жатқан Астанама, еліме септігімді тигізіп, биік шыңға жетуіне, бұдан да алысқа сапар шегуіне үлес қосқым келеді. Себебі, мен – Қазақстанның азаматымын. Мен - өскелең ұрпақпын. Ертеңгі Қазақстан біздің, жас ұрпақтың қолында. Елбасының жолын қуушы, елдің туын заңғар биікке көтерер – біз. « Ел сенімін – ер ақтар» дейді. Халықтың үміті – бізде, Қазақстанның жас өркендерінде. Әзірше, менің қолымнан келері – тапжылмай оқу, үздіксіз жаттығу, тұла бойымды сергек ұстау. Мен өзіме сенем, арманыма жетем. Астананың тарихында міндетті түрде өз ізімді қалдырамын. Себебі, Астана – менің қалам! Мәртебең өсе бергей, туған қалам Астанам!